


Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының бөлімінің «Шомшақты» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная білім школа «Шомшақты» отдела образования Төлебійского района управления образование Туркестанской области

Түркістан облысы
Төлеби ауданы
Зертас ауылы
Шомшақты көшесі №64

Туркестанское область
Төлебійский район
село Зертас
улица Шомшақты №64



Түркістан облысының
білім саласында сапаны
қамтамасыз ету департаментінің
басшысы Г.Алматовқа

Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан облысының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Шомшақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытындысында келтірілген кемшіліктерді жою туралы есебі

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі- Бағалау критерийлері), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен (бұдан әрі-Департамент) бекітілген 2023 жылғы 9-қарашадағы №1835 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2024 жылғы 11-қарашадағы №1723 бұйрығы негізінде 12-18 қараша күндері Түркістан облысының білім басқармасының Төлеби ауданының білім бөлімінің «Шомшақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мына төмендегі құрамда мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

29 қараша 2024 жыл «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының департаменті» мемлекеттік мекемесінің қорытындысы шығарылған. Қорытындыда келтірілген кемшіліктер қараша айында директор жанындағы кеңесте талқыланып, құжаттарды қайта қарап, жұмыс жүргізу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылды:

1. Каратаев Кайрат Курбаналиевич – мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. А.Нурмаханбетова – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. П.Мустафаева – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Л.Балкибекова – мектеп директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары м.у.а, комиссия мүшесі;
5. А.Сардарбек – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
6. Еркеев Сералы – кәсіподақ комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі;
7. Амирханова Назым – мектептің педагог-психологы, комиссия мүшесі;

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

1. Мектептің ұсынған өзін-өзі бағалау қорытындысында жалпы 28 педагог деп көрсетілген, ал мектеп сайтына жүктелген 7- қосымшада жалпы 30-педагог туралы мәлімет көрсетілген. Мектептің өзін-өзі бағалау қорытындысында көрсетілген 28 педагог пен мектеп сайтында жүктелген 7 қосымшадағы қате түзетіліп, қайта ұсынылды.

2. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 3-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа/мектептегі мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)» мектептің сайтына <https://shomshaqty-edu.kz/> жүктелді.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сәйкес құрылған 2023-2024 оқу жылының циклограммасы және 2024-2025 оқу жылының перспективалық жоспары мен циклограммасы мектеп сайтына <https://shomshaqty-edu.kz/> жүктелді.

4. Ұсынылған өзін-өзі бағалау қорытындысындағы бағаланатын 2022-2023 оқу жылы үшін мектепалды даярлық тобы туралы мәліметтегі оқушылар саны, мектепке қабылдау бұйрығы қайта енгізілді.

5. Бағаланатын оқу жылдары үшін мектепалды даярлық топтарының сабақ кестелері мектеп сайтына жүктелді.

6. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығының талаптарына сәйкес (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу) жағдай жасалынғаны бойынша мәліметтер ұсынылды.

7. 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанында мектепалды даярлық сыныптарда ұйымдастырылған оқу қызметі ҰОЖ

белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер мектеп сайтында ұсынылды.

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1- қосымша сәйкес 5 жас талабына сай тәрбиеленушілер жинақталған. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау туралы мәліметі ұсынылды.

9. Педагог мәртебесі туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша үш жыл ішінде кемінде 72 сағат көлемінде педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет өту қамтамасыз етілген, дәлелді құжаттар жүктелді.

10. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығының 2-тарауы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүргізу тәртібі» 13-тармақшасына сәйкес «Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды» деген талабы орындалды.

11. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың болуы жайлы мәліметтер ұсынылды.

Мектеп директоры:



Қ.Қаратаев